

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№32 (145) ЖҰМА

12 қыркүйек 2025

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

• 13 - ҚЫРКҮЙЕК – СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ КҮНІ



СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Қала күніне
арнаған
концерт

13.09
18:30

Бейбіт Қорған
Ғазизхан Шекербек
dj Ахметов

22:30 **ОТШАШУ**

Кеншілер алаңы

Туған күнің құтты болсын, Сәтбаев!

Тарихы терең, келешегі кемел Сәтбаев қаласы үшін биылғы туған күн тым ерекше. Неге? Өйткені...

Қазақтың ұлы перзенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаев дүниеден өткен сәттен бастап-ақ кеншілер қауымы сол кездегі поселкені Қанекөңнің есімімен атау туралы бастама көтерді. Кейін 1973 жылы қала мәртебесі берілетіні туралы хабар жеткенде бұл мәселе тағы да қозғалды. Халық жаппай қолдағанмен, жоғары жақтан қолдау таппады.

Көптің тілегі 1990 жылғы 13

қыркүйекте қабыл болды. Сол күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының «Жезқазған облысының Никольск қаласы Сәтбаев қаласы деп аталсын» деген Жарлығы жарық көрді. Қазақшалап айтқанда, бұл «ақ түйенің қарны жарылған» күн болды. Қалада Қаныш Сәтбаев есімі берілуі зор салтанатпен аталып өтті. Атақты ақын Шынболат Ділдебаев «Ортаға қала болып ұлың

келді» дейтін толғауында қалың көпшіліктің жылдар бойғы арман – тілегін тамаша жеткізе білді.

Жарты ғасырдан астам тарихы бар қаланың Қаныш Сәтбаев есімін иеленіп келе жатқанына міне, биыл ширек ғасыр толып отыр. Биылғы Қала күнінің ең басты ерекшелігі де – осы!

Қаныш қаласы жасарып, жайнай берсін!

Абдолла ДАСТАНОВ.

ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МЕН «ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚҚ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Ұлытау облысы әкімдігі мен «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Құжат аясында өңірде әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асыру жоспарланып отыр.



Тараптар білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт саласында әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға, тұрғындарға қайырымдылық көмек көрсетуге және жаңа жобаларды қаржыландыруға бағытталған шараларды бірлесіп атқарады.

Ынтымақтастықтың басым бағыттары - өңірдің әлеуметтік қолдау, білім, мәдениет және спорт салаларындағы

әлеуетті қайырымдылық жобаларды қарастырып, қолдау көрсету.

Облыс әкімдігі қайырымдылық бастамаларын ұсынуды және ұйымдастырушылық қолдауды қамтамасыз етсе, «Қазақстан халқына» қоры оларды қарастырып, жобаларды іске асыруға атсалысады.

Облестік баспасөз қызметі.

ҚЫР АСТЫНА ҚЫС КЕЛДІ...

Қалада жылу маусымына дайындық жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Қала әкімі М.Берібаев төрағалық еткен арнайы штаб отырысында жылу және электр желілерінің, тұрғын үй қоры мен әлеуметтік нысандардың дайындығы қаралды. Қысқы кезеңде апатты жағдайларға әкелуі мүмкін тәуекелдерді жоюға ерекше назар аударылды.

Жылу маусымын мерзімінен бұрын құбырларды шаюдан бастау туралы шешім қабылданды. Бұл қазандықтарға түсетін жүктемені азайтып, жылу берудегі ықтимал ақаулардың алдын алуға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта қазандықтағы үшінші және төртінші қазан агрегаттарына жөндеу жүргізілуде, мердігер ұйымдар магистральдық желілердің бөліктерін ауыстыруда, ал СЖСЖК аулаішілік жұмыстарды атқаруда. Биыл алғаш рет жылу желілерін реттеу жұмыстарына екі мамандандырылған топ тартылатын болады.

Үй басқарушы компания-

лары тұрғын үйлердің дайындығы жөнінде есеп берді. Өткен маусымда ең көп шағым түскен 50 көпқабатты үй ерекше бақылауға алынды. Проблемалық нысандар қатарында орталық аурухана қалып отыр, мұндағы кейбір бөлімшелер жеткілікті жылумен қамтылмаған.

Электр желілері бойынша да ескертулер бар. ПЭС тарапынан 10 қосалқы станцияның шатырын жөндеу жұмыстары мезгілінен қалып келуде, бұл апатты ажыратулар қаупін арттыруда.

Штабты қорытындылай келе қала басшысы тиісті мекемелерге қосалқы станцияларда анықталған кем-



шіліктерді қысқа мерзімде жоюды, резервтік электрмен жабдықтауды қамтамасыз етуді, қалалық ауруханадағы жылу мәселесін шешуді, басқарушы компаниялар мен ПИК/МИБ жұмысына бақылауды күшейту тапсырылды.

Сәтбаев қаласы әкімінің баспасөз қызметі

«ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ АҚСАҚАЛ ӨНЕГЕСІ МЕН ТӘРБИЕШІ ЕҢБЕГІ»

Сәтбаев қаласындағы "Балапан" балабақшасында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Сәтбаев қалалық Ақсақалдар Кеңесі мүшелерімен өткен кездесу осындай тақырыпты қозғады.

— Бәрі де балабақшадан басталады. Біз ұрпағымызды кішкене кезінен қалай тәрбиелесек, өскенде соның жемісін көреміз-деді Ақсақалдар Кеңесінің төрағасы Өтеш аға Ахметов.

Ол кісінің сөзін одан әрі сабақтаған Жақсылық Омаров, Ибраһимғабидолла Әлкенов те толғамды ой-ұсыныстарын ортаға салды. Достық Үйі директорының орынбасары Динара Нәш-

кенова осындай кездесулердің, пікір алмасулардың берері мол екенін атап өтті. Мұндай іс-шараларды екі жақ алдағы уақытта жүйелі түрде өткізіп тұруға уағдаласты.

А.НҰРТАУҰЛЫ.

► КОНСТИТУЦИЯ И МОЛОДЕЖЬ

ЧТО ДОЛЖНА ЗНАТЬ МОЛОДЕЖЬ О ВЫБОРАХ В СООТВЕТСТВИИ С ОСНОВНЫМ ЗАКОНОМ СТРАНЫ

Территориальная избирательная комиссия г.Сатпаев в рамках мероприятий, посвящённых празднованию 30-летия Конституции Республики Казахстан, провела ряд встреч с молодежной аудиторией.



Встреча председателя ТИК г.Сатпаев Е. Смагулова с учащимися Сатпаевского индустриального колледжа



Заместитель председателя ТИК Геймбук Н.А. с членами молодежного клуба Дома дружбы



Секретарь территориальной избирательной комиссии г. Сатпаев Г. Есмурзаева среди старшеклассников

В Сатпаевском индустриальном колледже прошла встреча-лекция председателя территориальной избирательной комиссии г.Сатпаев Смагулова Е.Ж. с учащимися данного учебного заведения.

Как будущих избирателей, участников встречи интересовали вопросы функционирования избирательной системы Казахстана и правовые основы выборного процесса.

Также на встрече нашли обсужде-

ние вопросы заинтересованного участия молодёжи в различных избирательных кампаниях всех уровней.

Встречу с участниками молодежного клуба в КГУ «Центр духовного, общественного и межнационального согласия народа Казахстана г.Сатпаев» провела заместитель председателя горизбиркома Геймбук Н.А. Она познакомила будущих избирателей с основами выборного законодательства Республики Казахстан. Свои знания в области

избирательного процесса члены клуба проявили активным участием в тематическом блиц-опросе.

Мероприятие в Доме дружбы завершилось конкурсом эссе на тему: «Молодёжь и выборы».

Секретарь ТИК г.Сатпаев Есмурзаева М.П. встретила со старшеклассниками школы-лицея им.Ы.Алтынсарина. Информационный час был посвящён вопросам организации и развития избирательной системы Казахстана.

На представленных слайдах будущие избиратели наглядно могли ознакомиться с особенностями избирательной системы, а также принципами функционирования избирательных органов.

В заключении встречи прошла интеллектуальная игра «Терминологический поединок» по теме информационного часа.

Соб.информ.

► ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: СЕНІМГЕ СЕРПІН

«ЕҢБЕГІ БАРДЫҢ ӨНБЕГІ БАР»

Қыркүйектің 8-нде ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Көпшілігіміз Жолдауды телеарналар арқылы тікелей эфирден көріп, тыңдадық. Қазақстанның Еңбек Ері, Ұлытау облысының және Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы, кенші – ұңғылаушы Тұрсынбек Мақышев - Президент Жолдауын Парламент төрінде отырып тыңдау бақытынеа ие болған санаулы азаматтардың бірі. Астанадан оралған соң, ол бізбен өз әсерін бөліскен еді.



- Президент Жолдауын көзбе-көз отырып тыңдағанның әсері қандай екен?

- Әрине, керемет. Сондай мүмкіндік туғанына өте ризамын. Еліміздің әр облысынан, ірі қалалардан барлығы Халық Қаһарманы, Еңбек Ері атанған 21 азаматты арнайы шақырған екен. Көпшілігі қарапайым еңбек адамдары. Биылғы Жұмысшы мамандықтар жылына байланысты солай ұйымдастырылса керек. Басқажақтағы әріптестерімізді көріп, мәре –сәре болып қалдық.

- Жолдау туралы не айтасыз?

- Менің пайымдауымша, Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың биылғы Жолдауы — мемлекетіміздің болашағын айқындайтын тарихи құжат. Әрбір жолы елдің ілгері дамуы

үшін жасалған нақты қадамдарды айқындап берді.Осындай нақты тапсырмалар айтылғаны маған айрықша ұнады.

Өзіңіз білесіз, мен өндірістің ортасында, кенші ретінде еңбек етіп келе жатқан адаммын. Сондықтан Жолдауда айтылған бастамаларды өмірдің шынайы талабынан туған игілікті шешімдер деп қабылдадым.

Өндірісте ең үлкен түйткілдердің бірі — тасымал мен логистика. Жүк жеткізудегі кідіріс, қағазбастылық, қосымша шығын өндіріс қарқынына да, жұмысшының еңбекақысына да әсер етеді. Сол себепті Президенттің бірыңғай Смарт-карго цифрлық жүйесін енгізу туралы тапсырмасы — нақты өндіріс адамы күткен шешім. Бұл қадам кедергілерді азайтып,

өнімнің уақытылы әрі сапалы жеткізілуіне жол ашады.

АЭС салу мәселесі кейде қоғамда түрлі пікір туғызады. Бірақ өндірістің ішінде жүрген біз жақсы білеміз: энергия — өнеркәсіптің қаны. Оның жеткілікті әрі тұрақты болуы — жаңа зауыт-фабрикалардың, жұмыс орындарының ашылуы. Сондықтан Жолдаудағы атом энергетикасын дамыту бастамасы еліміздің өнеркәсіптік әлеуетін күшейтіп, экономикалық қуатымызды еселейтіні анық.

Бүгінде технологиясыз бірде-бір өндірістік процесс жүзеге аспайды. Президент атап өткен Жасанды интеллект пен цифрлық даму министрлігінің құрылуы — жаңа заманға лайық шешім. Бұл сала еңбек қауіпсіздігін күшейтіп, за-

манауи құралдарды енгізуге, жас мамандардың кәсіби шыңдалуына жол ашады. «Үш жылда Қазақстан цифрлық елге айналады» деген Үндеу — бізге, еңбеккерлерге, үлкен сенім жүктейді.

Жолдау тек цифрландыру мен инфрақұрылымға емес, ең алдымен қарапайым халықтың тұрмысына, елдің әлеуметтік тынысына бағытталғанын аңғардым. Инвестиция, жаңа жұмыс орындары, ауыл шаруашылығындағы жерді игеру, жастарға мүмкіндік беру — бәрі де елдің игілігі үшін жасалған қадамдар.

Мен үшін еңбек қауіпсіздігі, сапалы жұмыс, адал маңдай тер қашан да басты орында. Президент көтерген бастамалар осы құндылықтарды сақтай отырып, қоғамның өркендеуіне, әрбір қазақстандықтың өмір сапасын жақсартуға бағытталғанын қуана қабылдаймын.

Қазақ «Еңбегі бардың өнбегі бар» дейді. Еңбек адамының маңдай терін құрметтеген елдің болашағы жарқын. Біздің ендігі міндетіміз — ортақ мақсатқа жұмылып, Президент жүктеген тапсырмаларды жүзеге асыруға үлес қосу.

Менің жүрегімде әрқашан еңбек рухы, елге адал қызмет ету мұраты бар. Жолдау — сол рухты жаңғыртып, болашаққа сенім ұялатты. Енді бізге тек бірлік пен табандылық керек.

- Рахмет. Сіздің еңбек рухы деген сөзіңіз маған қатты ұнап отыр. Барша азаматтарымыз еңбек ете жүріп, сол төккен терінен рухтанып, қанаттанып жүретін болсын!

**Сұхбаттасқан:
Абдолла ДАСТАНОВ**

ЗАҢ АЛДЫНДА БАРЛЫҒЫ ТЕҢ

БҰЛ - ЗАЙЫРЛЫ ҚОҒАМНЫҢ БАСТЫ ПРИНЦИПІ

Зайырлы мемлекеттің іргетасы - адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ететін, демократиялық құндылықтарға негізделген құқықтық жүйе. Бұл жүйенің ең басты қағидаты - «заң алдында барлығы тең».

Бұл принцип жай ғана құқықтық норма емес, ол зайырлы қоғамның өмір сүру философиясы, әділеттілік пен тұрақтылықтың кепілі. Заң алдындағы теңдік адамның дініне, ұлтына, әлеуметтік жағдайына, байлығына немесе биліктегі орнына қарамастан, оның құқықтары мен міндеттерінің бірдей болуын қамтамасыз етеді. Заңның үстемдігі салтанат құрған жерде ғана қоғамдық келісім нығайып, мемлекеттік басқару жүйесіне деген халықтың сенімі артады.

Зайырлы мемлекет - мемлекеттік биліктің діни сенімдерден бөлек, тәуелсіз әрекет ететін жүйесі. Бұл қағидат мемлекеттің ешбір дінді ресми түрде қолдамауын және ешқайсысын шектемеуін білдіреді. Алайда, бұл дінге қарсы тұру емес, керісінше, барлық діндер мен дүниетанымдардың

бір қоғамда бейбіт қатар өмір сүруіне жағдай жасау. Осы ретте заң алдындағы теңдік зайырлылықты іс жүзінде жүзеге асыратын негізгі құралға айналады. Себебі, мемлекет діни сеніміне байланысты азаматтарды кемсітуге немесе оларға артықшылық беруге құқылы емес. Мысалы, жұмысқа орналасу, білім алу, сайлауға қатысу немесе әлеуметтік қорғауды пайдалану кезінде адамның діни көзқарасы ешқандай рөл ойнамайды. Бұл теңдік қоғамдағы діни және мәдени әртүрліліктің бірлікке келуіне ықпал етеді.

Заң алдындағы теңдік принципі құқық үстемдігіне негізделеді. Құқық үстемдігі - мемлекеттегі барлық заңдардың ең жоғары күшке ие болуы, және сол заңдарға барлық азаматтардың, оның ішінде мемлекет басшысы

мен билік элитасының да сөзсіз бағынуы. Зайырлы мемлекеттің басты ерекшелігі - мемлекеттік шешімдердің діни догмаларға емес, нақты заң нормаларына сүйенуі. Егер бұл принцип бұзылып, заң байлыққа, лауазымға немесе билікке қарап өзгерсе, қоғамда әділетсіздік күшейіп, мемлекетке деген сенім толығымен жоғалады. Бұл жағдай жемқорлықтың өршуіне, қоғамның әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан бөлінуіне алып келеді. Сондықтан, зайырлы мемлекеттің берік болуы үшін сот жүйесінің тәуелсіздігі мен заңдылықтың толықтай сақталуы өте маңызды.

Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында жүргізіліп жатқан құқықтық реформалар, әсіресе сот жүйесін жетілдіруге бағытталған шаралар, осы қағидатты іс жүзінде ны-

ғайтуға бағытталған. Әділ сот төрелігі, заң алдындағы теңдіктің сақталуы - бұл тек азаматтардың құқығын қорғау ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы жалпы тәртіп пен келісімді қамтамасыз ету.

«Заң алдында барлығы тең» принципінің толыққанды іске асуы үшін кешенді жұмыстар жүргізілуі тиіс. Ол үшін:

Сот жүйесінің тәуелсіздігін нығайту: Соттар билік пен басқа да ықпалды топтардың қысымынан толықтай тәуелсіз болуы керек. Бұл әрбір азаматтың ісі әділ қаралатынына кепілдік береді.

Азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру: Адамдар өз құқықтары мен міндеттерін білгенде ғана оларды қорғай алады және заң бұзушылыққа қарсы тұра алады.

Жемқорлыққа қарсы күресті күшейту: Жемқорлық - заң алдындағы теңдікті бұзатын басты кедергі. Сондықтан, мемлекеттік органдардағы ашықтық пен жауапкершілікті арттыру қажет.

Құқық қорғау органдарының тиімділігін арттыру: Поли-

ция мен прокуратура сияқты органдардың жұмысы тек заңға сүйеніп, адам құқықтарын бұзбай жүргізілуі тиіс.

Зайырлы мемлекеттің негізгі жетістігі - діннен бөлек, заңға негізделген әділ қоғам құру. Бұл қоғамдағы заң алдындағы теңдік принципі зайырлылықтың іс жүзіндегі ең маңызды көрінісі болып табылады. Заңға деген сенім, оның әділ және бірыңғай қолданылуы қоғамды біріктіріп, оның дамуына жол ашады. Әділетсіздік пен теңсіздікке қарсы тұрып, әрбір азаматтың құқықтарын қорғау - зайырлы мемлекеттің басты міндеті. «Заң алдында барлығы тең» ұстанымы - бұл тек ресми декларация емес, ол - әділетті, еркін және өркендеген қоғамның тынысы, әрі Қазақстанның жарқын болашағының кепілі.

**Ғабит ҚАЛДАРБЕК,
Дін мәселелері бойынша
облыстық ақпараттық-
түсіндіру тобының
мүшесі, дінтанушы.**

ТҰРҒЫН ҮЙ СЕРТИФИКАТТАРЫН БЕРУ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ

Заңның 14-1-бабының 2-тармағына сәйкес тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін жергілікті өкілді органдар (мәслихаттар) айқындайды (бұдан әрі - Тізбе).

Мемлекеттік қызметті жеке тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстық маңызы бар қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органының құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) тегін көрсетеді. Тұрғын үй сертификаттары көрсетілетін қызметті алушыларға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама шеңберінде тұрғынжай сатып алған немесе Заңға сәйкес тұрғын үй жағдайын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын алған кезде Тізбеге сәйкес өтеусіз және қайтарымсыз негізде ұсынылады.

Көрсетілетін қызметті алушының тұрғын үй сертификатын бір реттен артық алуына жол берілмейді. Тұрғын үй сертификаты:

1) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) онымен тұрақты бірге тұратын отбасы мүшелерінің (жұбайының, көмелетке толмаған балаларының) табысы болмаған жағдайда;

2) көрсетілетін қызметті алушыда және (немесе) онымен үнемі бірге тұратын отбасы мүшелерінде (жұбайы (зайыбы), көмелетке толмаған балалары) отбасының әрбір мүшесіне (зайыбына (жұбайына), көмелетке толмаған балалардан, оның ішінде негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын балалардан аспайтын еңбек және (немесе) кәсіпкерлік қызметтен (зейнетақы аударымдарын, жеке табыс салығын және өзге де міндетті аударымдарды есепке алмағанда), техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары, олар көмелетке толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) ағымдағы қаржы жылына заңнамада белгіленген айына ең төменгі күнkerіс деңгейінің 3,1 көрсеткішінен аспайтын соңғы 6 (алты) ай ішінде еңбек және (немесе) кәсіпкерлік қызметтен (зейнетақы аударымдарын, жеке табыс салығын және өзге де міндетті аударымдарды қоспағанда) орташа табысы болған жағдайда беріледі.

Тұрғын үй сертификаттарын ұсыну кезде мүгедектігі бар балаларды күтіп-бағуды жүзеге асыратын адамдар алатын әлеуметтік төлемдер, зейнетақы төлемдері, білім беру ұйымдарында жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар алатын мемлекеттік стипендиялар Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың кірісіне қосылмайды.

Көрсетілетін қызметті беруші тиісті қаржы жылына тұрғын үй сертификат-

Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама шеңберінде ипотекалық тұрғын үй қарызын пайдалана отырып тұрғынжайды меншігіне сатып алу немесе осы Заңға сәйкес тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын алу құқығын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдар тұрғын үй сертификатын береді.

тарын берудің жоспарланған сомасын көздейді.

Көрсетілетін қызметті беруші веб-порталында:

1) тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен алушылар санаттарының тізбесі туралы жергілікті өкілді органның (мәслихаттың) шешімін;

2) тұрғын үй сертификаттарын беру туралы хабарландыруды жариялауды қамтамасыз етеді.

Тұрғын үй сертификаттарын беру үшін жергілікті бюджетте қаражат жеткіліксіз болған жағдайда, веб-порталда тұрғын үй сертификаттарын беру тоқтатылғаны туралы хабарландыру жарияланады.

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, «Тұрғын үй сертификаттарын беру» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптар тізбесі) осы Қағиданың 4-қосымшасында көрсетілген.

Мемлекеттік қызметті алу үшін өтініш беруші «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЭЦҚ-мен куәландырылған, мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көзделген құжаттарды қоса бере отырып өтініш береді.

Өтініш берушінің және отбасы мүшелерінің (зайыбының (жұбайының), көмелетке толмаған балаларының) жеке басын куәландыратын құжаттардың, олардың табыстарының, жылжымайтын мүліктерінің, неке қию немесе бұзу туралы (2008 жылғы 1 маусымнан кейін), қайтыс болуы туралы (2007 жылғы 13 тамыздан кейін), балалардың тууы туралы (2007 жылғы 13 тамыздан кейін), құжаттар, өтініш берушінің халықтың әлеуметтік осал топтарына жататынын растайтын құжаттар көрсетілетін қызметті берушіге «электрондық үкімет» шлюзі (сыртқы шлюзі) арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден отбасының барлық мүшелеріне беріледі.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, өтініш беруші мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері берген жағдайда, оларды қабылдау және

мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі және мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпарат «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 13) тармақшасына сәйкес олар бекітілген немесе өзгерген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияға және Бірыңғай байланыс орталығына жіберіледі.

Веб-портал арқылы көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері:

1) өтініш берушіден Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген өтініш берушінің құжаттары келіп түскен және ақпараттық жүйеде тіркелген күні олардың толықтығын, дұрыстығын және өтініш беруші мәртебесінің Тізбеге сәйкестігін тексереді;

2) 2 (екі) жұмыс күні ішінде қаржы қаражатының қажеттілігін есептеуді жүргізеді және өтініш берушінің веб-порталдағы «Жеке кабинетіне» осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тұрғын үй сертификатын беруді мақұлдау туралы шешімі бар, Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша түрін, сомасын немесе дәлелді бас тартуды көрсете отырып хабарлама жібереді.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі - ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні мен орны (төсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабарлама жасалған

күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында не қағаз жеткізгіште оң нәтиже не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту 1 (бір) күн ішінде жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші оң хабарламамен бірге өтініш берушінің веб-порталдағы «жеке кабинетіне» тұрғын үй сертификатын беру туралы келісімді (бұдан әрі - Келісім) электрондық құжат түрінде жібереді, оған тараптар ЭЦҚ-мен 3 (үш) жұмыс күні ішінде қол қояды.

Өтінім беруші белгіленген мерзімде Келісімге қол қоймаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші Келісім жасасудан бас тартады.

Тұрғын үй сертификатын ұсынған жағдайда Көрсетілетін қызметті беруші келісім жасалған күннен кейін 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей тұрғын үй сертификатының сомасын көрсетілетін қызметті алушының эскроу-шотына/жинақ шотына аудару үшін веб-порталда «Қазынашылық-Клиент» ақпараттық жүйесіне жүктелетін төлем шотын қалыптастырады.

Екінші деңгейдегі банк (бұдан әрі - ЕДБ) тұрғын үй сертификатының сомасы көрсетілетін қызметті алушының эскроу-шотына/жинақ шотына түскен жағдайда онымен ішкі тәртіпке сәйкес банктік қарыз шартын, ипотекалық шартты (кепіл шартын) жасасады.

Көрсетілетін қызметті алушы тұрғын үй сертификатын пайдалана отырып, ипотекалық тұрғын үй қарызын ресімдегеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті беруші веб-портал арқылы банктік қарыз шартының және ипотекалық шарттың (кепіл шартының) көшірмелерін береді.

Тұрғын үй сертификатының сомасы эскроу-шотқа/жинақ шотына аударылған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде ипотекалық тұрғын үй қарызы ресімделмеген жағдайда, қарыз беру туралы шешім қабылдаған ЕДБ соманы жергілікті бюджетке қайтаруды жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Р.ТУКАЕВА,
«Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-нің бас маманы.

Сәтбаев қаласында тұрғын үй көмегі кімдерге беріледі және оның мөлшері мен тәртібі туралы

Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының аумағында жалғыз тұрғын үй ретінде меншік құқығында тұрған тұрғын үйде тұрақты тіркелген және тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға), сондай-ақ мемлекеттік қордан тұрғын үйді және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді жалдаушыларға беріледі.

Тұрғын үй көмегі коммуналдық қызметтерді тұтыну, телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлем қызметтері, Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдалану шығыстарының сомасы мен жергілікті өкілді орган белгілеген осы мақсаттарға аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) шығыстарының жол берілетін шекті деңгейі арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Аз қамтылған отбасыларға (азамат-

тарға) - шығыстардың шекті жол берілетін деңгейімен үлесі отбасының (адамның) жиынтық табысына 5% мөлшерінде белгіленеді.

Мысалы: Мүгедектігі бар адамның айлық табысы 80 000 теңгені құрайды

Мүгедектігі бар адамның айлық шығыны 18000 теңгені құрайды (қысқы кезең, жылыту есебінен)

Шығыстардың шекті жол берілетін деңгейімен үлесі -5%

80000 x 5 % = 4000 теңге

18000-4000=14000 теңге - Тұрғын үй көмегі

Стандартқа сәйкес «тұрғын үй көмегін тағайындау» мемлекеттік қызметі «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (ХҚКО) және «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы көрсетіледі.

Тұрғын үй көмегі өтініш берілген айдан бастап тағайындалады, барлық қажетті құжаттармен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына (ХҚКО) немесе «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүгіну қажет.

Қажетті құжаттар:

1. (кірістер туралы тоқсан сайынғы мәліметтер, Коммуналдық шығыстар туралы тоқсан сайынғы мәліметтер, телефон үшін абоненттік төлем шығыстары туралы мәліметтер,).

2. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін шығыстар (жалдау ақысы туралы түбіртек).

3. Өзімен бірге ЭЦҚ (электрондық цифрлық қолтаңба) болуы.

4. Банктік шотты растау.

Р.ТУКАЕВА,
«Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-нің бас маманы.

ПОРЯДОК ПРЕДОСТАВЛЕНИЯ ЖИЛИЩНЫХ СЕРТИФИКАТОВ И ОКАЗАНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОЙ УСЛУГИ

Размер и перечень категорий получателей жилищных сертификатов определяются местными представительными органами (маслихатами) в соответствии с пунктом 2 статьи 14-1) Закона (далее – Перечень).

Государственная услуга «Выдача жилищных сертификатов» (далее – государственная услуга) оказывается на бесплатной основе физическим лицам (далее – услугополучатель) структурным подразделением местного исполнительного органа городов Астана, Алматы и Шымкента, городов областного значения и районов (далее – услугодатель).

Жилищные сертификаты предоставляются услугополучателям на безвозмездной и безвозвратной основе, соответствующим Перечню, при приобретении жилья в рамках ипотечной программы, утвержденной Национальным Банком Республики Казахстан, или получения мер государственной поддержки, направленных на улучшение жилищных условий в соответствии с Законом.

Не допускается получение услугополучателем более одного раза жилищного сертификата.

Жилищный сертификат предоставляется в случае:

1) отсутствия доходов у услугополучателя и (или) постоянно совместно проживающих с ним членов его семьи (супруг (а), несовершеннолетних детей);

2) наличия доходов у услугополучателя и (или) постоянно совместно проживающих с ним членов его семьи (супруг (а), несовершеннолетних детей) среднего дохода от трудовой и (или) предпринимательской деятельности (без учета пенсионных отчислений, индивидуального подоходного налога и иных обязательных отчислений) за последние 6 (шесть) месяцев, не превышающего на каждого члена семьи (супруг(а), несовершеннолетних детей, в том числе детей, обучающихся по очной форме обучения в организациях основного среднего, общего среднего образования, образовательные программы технического и профессионального, послесреднего, высшего и послевузовского образования, после достижения ими совершеннолетия до времени окончания организаций образования (но не более чем до достижения двадцатитрехлетнего возраста) 3,1 - кратного показателя прожиточного минимума в месяц, установленного законодательством на текущий финансовый год.

При предоставлении жилищных сертификатов в доход услугополучателей не включаются социальные выплаты, пенсионные выплаты, получаемые лицами, осуществляющими уход за детьми с инвалидностью, государственные стипендии в организациях образования, получаемые детьми-сиротами, детьми,

Для реализации права приобретения гражданами Республики Казахстан жилища в собственность с использованием ипотечного жилищного займа в рамках ипотечной программы, утвержденной Национальным Банком Республики Казахстан, или получения мер государственной поддержки, направленных на улучшение жилищных условий в соответствии с Законом, местные исполнительные органы предоставляют жилищные сертификаты.

оставшимися без попечения родителей.

Услугодатель предусматривает на соответствующий финансовый год планируемую сумму выдачи жилищных сертификатов.

Услугодатель обеспечивает публикацию на веб-портале:

1) решения местного представительного органа (маслихата) о размере и перечне категорий получателей жилищных сертификатов;

2) объявления о предоставлении жилищных сертификатов.

В случае недостаточности в местном бюджете средств для предоставления жилищных сертификатов на веб-портале публикуется объявление о прекращении выдачи жилищных сертификатов.

Перечень основных требований к оказанию государственной услуги «Выдача жилищных сертификатов» (далее – Перечень основных требований к оказанию государственной услуги) указан в приложении 4 к настоящим Правилам.

Для получения государственной услуги услугополучатель подает через веб-портал «электронного правительства» заявление по форме согласно приложению 5 к настоящим Правилам удостоверенное ЭЦП, с приложением документов, предусмотренными пунктом 8 Перечня основных требований к оказанию государственной услуги.

Сведения документов, удостоверяющих личность услугополучателя и членов семьи (супруг (а), несовершеннолетних детей), их доходах, недвижимости, о заключении или расторжении брака (после 1 июня 2008 года), о смерти (после 13 августа 2007 года), о рождении детей (после 13 августа 2007 года), документов, подтверждающих принадлежность услугополучателя к социально-уязвимым слоям населения предоставляются услугополучателю на всех членов семьи из соответствующих государственных информационных систем через шлюз (внешний шлюз) «электронного правительства».

Услугополучатель дает согласие на использование сведений, составляющих охраняемую законом тайну, содержащихся в информационных системах, при оказании государственных услуг, если иное не предусмотрено законами Республики Казахстан.

В случае подачи документов, указанных в пункте 8 Перечня основных требований к оказанию государственной услуги

ги, после окончания рабочего времени, в выходные и праздничные дни согласно трудовому законодательству Республики Казахстан, их прием и выдача результата оказания государственной услуги осуществляется следующим рабочим днем.

Услугодатель обеспечивает внесение данных в информационную систему мониторинга оказания государственных услуг о стадии оказания государственной услуги в порядке, установленном уполномоченным органом в сфере информатизации, в соответствии с подпунктом 11) пункта 2 статьи 5 Закона Республики Казахстан «О государственных услугах».

Информация о порядке оказания государственных услуг и внесенных изменениях и (или) дополнениях в подзаконные нормативные правовые акты, определяющие порядок оказания государственной услуги, направляется в Государственную корпорацию и Единый контакт-центра в течение трех рабочих дней с даты их утверждения или изменения, согласно подпункту 13) статьи 10 Закона Республики Казахстан «О государственных услугах».

